



Автор: Мынбаева Арайлым Ермухановна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 3- сынып

Бөлім: Компьютер және программалар (ортақ тақырып: «Жанды табиғат»)

Тақырып: Графикалық редактордың құралдары

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.2 компьютерлік программаларда Файлдарды ашу және командаларын пайдалану 3.1.2.4 компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану; 3.1.3.1 цифрлық құрылғылармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік технологиясының негізгі ережелерін сақтау; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану.
---	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақ бапрысы (Ұйымдастыру кезеңі /5 минут/)	- Оқушылармен сәлемдесу; - Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру; - Оқушылармен қауіпсіздік ережелерін қайталап, еске түсіру; - Оқу құралдарын тексеру; Оқушылардың 47 беттегі "Үйде орындайық" тапсырмасы. Карточканы көтеру арқылы үй жұмысын орындадым дегенді, қызыл карточка үй жұмысын орындаған жоқпын дегенді білдіреді.	Үйлестірме қағаз
Жаңа сабақ (10минут)	Адам өмірінде суреттің орны ерекше. Бұрынғы уақытта жазуды білмейтіндер сурет арқылы өз өмірлері туралы жеткізетін болған және де кез-келген затқа сурет салатын болған. Олар үшін суреттің орны ерекше. Неге балалар кітаптарында суреттер көбірек бейнеленген? Себебі сурет арқылы ең қиын деген мәліметтің өзін оңай игеруге, яғни қабылдауға болады. Ал, информатика пәніндегі сурет – бұл компьютерлік графика. Олай болса бүгінгі жаңа сабағымыз: «Графикалық редактормен танысу, құрал-жабдықтары». Графика, графикалық бейне дегеніміз не? Графика гректің «жазамын, сурет саламын» деген сөзінен шыққан. Графикалық бейнелерге сызбалар, диаграммалар, тағы да басқа фигуралар жатады. Компьютерде графикалық бейнелерді құру құралдары: енгізу құрылғылары (сканер, тінтуір, графикалық планшет және т.б.) және графикамен жұмыс істеуге арналған программа (графикалық редактор). Графикалық редактор дегеніміз не? Графикалық редактор – графикалық бейнелерді салуға және өңдеуге арналған программа. Компьютерлік графика 2ге бөлінеді; 2D және 3D. 2D графикалық түрлері: расторлық, векторлық және фрактальді. Расторлық бейнелер нүктелерден тұрады. Бейненің ең кіші элементі нүкте. Ол пиксель деп аталады. Сондықтан суреттердің көлемін кішірейте беретін болсақ, ол нүктеге айналады. Paint – Расторлық бейнелермен жұмыс істеуге арналған графикалық редактор. - Paint графикалық редакторының белгішесі. Paint редакторының іске қосу үшін Іске қосу (Пуск) --- Барлық программалар (Все программы) --- Стандартты (Стандартные) -- Paint командасын орындау қажет. Paint – та сурет салу үшін терезенің ортасында тұрған ақ түсті төртбұрышты алаңды пайдаланамыз. Ол – сурет салуға арналған аймақ. Сурет салу үшін арнайы құралдарды және Түсті палитрасын пайдаланамыз. Суреттің қажет емес бөлігін өшіргіш құралын пайдаланып, қіріп тастауға болады.	Информатика оқулығы
Практикалық жұмыс : (10минут)	• Дискідегі тапсырманы (23 - слайд) орында. • Paint командасын ашып, сурет салу.	дербес компьютермен жұмыс

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сергіту сәті (5 минут)	«Байқағыштығыңды анықта» ойыны Айырмашылығын тап.	музыкалық әуен
Бекіту (9 минут)	<p>Оқушылар қорапты ашып ішінде жасырылған қағазды алады. Оны ашып бүгінгі өткен тақырыпқа байланысты сұраққа жауап береді.(сөйлемді аяқтау). Сұрақтар: • PAINT графикалық редакторын қалай іске қосамыз? • Қарандаштың көмегімен • Масштаб құралының көмегі арқылы • Құю(заливка) құрылғысы • Өшіргіш/түрлі түсті өшіргіш бұл құрылғының көмегі арқылы ... • Қылқалам(кисть) көмегімен.... • Фигуралар дегеніміз? • Өшіргіш құралын қалай пайдаланамыз?Жауаптары: • Қарындаш,бұл кез-келген сызықты әр түрлі жуандықта сызықта сызуға арналған. • Масштаб құралы,бұл суреттің жеке үзінділерін үлкейтуге мүмкіндік береді. • Құю(заливка) құралы,бұл тұйық контурдың ішін кескін немесе фон түсімен бояйды. • Өшіргіш/түрлі түсті өшіргіш,бұл суреттердің белгілі бір бөліктерін өшіруге арналған. • Қылқалам, ерікті сызықтарды салуға арналған. Қылқаламның қажетті түсін таңдап алуға болады. • Фигуралар арқылы бірнеше сурет сала аламыз. • Өшіргіш құралын басып, оның өлшемін таңдап, өшіретін сызықтың үстінен жүргізсе сызық өшеді.</p>	Таратпа қағаз
үй тапсырмасы (1 минут)	Бүгінгі өтілген тақырыпты мазмұндап келу.Оқулықтың 54 бетіндегі «Үйде орындайық»тапсырмасы.	Оқушылардың күнделігі